

FTAXP 15.01.11  
ӘОЖ 159.9.072

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2026-1-3-86-98>

**ЕРЖАНОВА Т.К.,\*<sup>1</sup>**

п.ғ.м., аға оқытушы.

\*e-mail: tolllkyn@mail.ru

ORCID ID: 0009-0007-8959-7606

**БАХТИЯРОВА С.Ж.,<sup>2</sup>**

PhD, аға оқытушы.

e-mail: sayagul.bakhtiyarova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4713-9021

<sup>1</sup>Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті,

Орал қ., Қазақстан

<sup>2</sup>М. Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ., Қазақстан

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ**

### **Андатпа**

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында білім алушыға қолайлы жағдай қалыптастыру тиімді әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру қажеттілігі мен оның білім алушының оқуға ынтасын арттырудағы тигізер әсері мен оны жетілдіру жолдары қарастырылған. Зерттеудің негізгі мақсаты – жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік-психологиялық климат жағдайын анықтау, оған әсер ететін факторлар әсерін бағалау арқылы білім алушыға қолайлы орта жасау мүмкіндіктерін арттыру жолдарын көрсету. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: білім беру ортасының білім алушыға әлеуметтік-психологиялық қолайлы болу шарттары аясында жасалған отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасап, тұжырымдау; қолайлы ортаны қалыптастыру факторларын анықтап, ортадағы оның әсерін бағалау; білім беру ортасының жайлылығын арттыру жолдары мен мүмкіндіктерін көрсету. Жоғары оқу орындарында білім алушының әлеуметтік-психологиялық жайлылығы оның даму көрсеткіштеріне тікелей әсер етуші фактор дегенмен, бұл кең зерттелмеген тақырып болып саналады. Зерттеу жұмысында жоғары оқу орнындағы білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық қолайлылығының жағдайы мен оны жетілдіру шарттары қаралады. Осы зерттеу барысында білім беру ортасының нақты жоғары оқу орнындағы көрсеткіштерге негізделген талдау тұжырымдамалық жұмыс жасалады. Зерттеу нәтижелері қазіргі білім беру жүйесінде қолайлы орта қалыптастыру мақсатында тиімді әлеуметтік-психологиялық жайлылықты қалыптастыру факторлары мен жолдарын айқындауды көздейді. Білім алушыға жайлы орта қалыптастыру үшін жоғары оқу орнында тиісті дәрежеде білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру қажет. Жоғары оқу орнындағы психологиялық қызмет көрсету орталығы қызметі арнайы әдіс-тәсілдерді негізге ала отырып ұйымдастырылуы керек. Оның міндеті тек білім алушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамытып қана қоймай сонымен қатар, білім беру ортасына қанағаттану арқылы оқуда табысты болуын қамтамасыз етуі қажет.

**Тірек сөздер:** бейімделу, әлеуметтік-психологиялық жайлылық, білім сапасы, психологиялық қолдау, білім беру ортасы.

### **Кіріспе**

Адамның өзінің іс-әрекетінде жан-жақты дамуы үшін қолайлы орта болуы шарт. Сондықтан да білім алушының тұлғалық даму мүмкіндіктерін қарастырып, талдауда білім беру ортасы бағалауды қажет ететін маңызды фактор болып табылады. Ол үшін жоғары оқу орындарында білім алушылардың оқу үдерісін психологиялық қамтамасыз ету үшін бейімделу теориясының тұжырымдамалық қағидаларын ұстану қажет.

Білім беру ортасында білім алушылардың әртүрлі құзыреттіліктерін дамытуда зерттеу жүргізген ғалымдар мыналар: Б.А.Тұрғанбаева, Ш.Х. Құрманалина, Б.Т. Кенжебеков, К.М. Құдайбергенова, Ш.Т. Таубаева, А.Н. Көшербаева, Т.О. Балыкбаев және тағы басқалар.

Студенттердің кәсіби іс-әрекетке бейімделуі жоғары оқу орнының ішкі талабы мен білім беру ерекшеліктеріне байланысты. Қазіргі кәсіптік білім беру саласы бағдарламасының мақсаты студенттерді кәсіби дамыту болып табылады. Осы мақсатта кәсіби іс-әрекетке оңтайлы бейімдеу үшін тиімді шарттар мен жағдайлар жасау қажет. Қазіргі уақытта студенттер жоғары оқу орындарында алған теориялық білімдерін кәсіби қолдану мүмкіндігі төмен. Ол бүгінгі физиологияның өзекті мәселесіне айналған. Сондықтан жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби іс-әрекетке тиімді бейімделуін қамтамасыз ету маңызды. Жаңа әлеуметтік, әрі ақпараттық ортаға адам ағзасының жылдам бейімделуі студенттердің болашақ таңдаған мамандығын сапалы игеріп шығуына жол ашады [1].

Бұдан бөлек әр білім алушының жеке шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілетін бағалау да маңызды фактор. Егер тұлға өзін-өзі адекватты бағалай білсе, өзінің ұмтылысы мен соған жетер жолдағы мүмкіндіктерді шынайы жоспарлай алады. Осы арқылы айналадағы қоршаған ортаның да өзіне деген көзқарасын алдын-ала анықтай алады. Тұлғаның адекватты өзін-өзі бағалауы өзінің мінез-құлқына қарай ортамен қарым-қатынасын реттей алуы. Ол өзін шектен тыс артық деп есептемей немесе төмендетпей сыни көзқарас жасай алған жағдайда жетістікке жетеді. Дәл осындай өзін-өзі бағалау нақты жағдайлар мен ситуацияларда ең тиімдісі десек болады [2].

Студенттердің білім алудан қанағаттануына ортада қалыптасқан психологиялық климат та әсер етеді. Студенттер өздерін достық қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде сезінгенде тұтас оқу орны мен өзінің оқуына жағымды әсерде болады [3]. Тұлғаның өмір сүру ортасы оның ортаға бейімделу жағдайымен тығыз байланыста болады. Тұлғаның жеке субъект ретінде өз іс-әрекетін орта факторларына қарай бейімделе отырып ұйымдастыруы оның психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық табысты қалыптасуына мүмкіндік береді [4]. Білім алушылардың білім беру ортасында өзін жайлы сезінуі студенттердің оқудан шығу көрсеткіштерін азайтып, толықтай оқуға берілуіне алып келеді. Мұдай белсенділік білім алушылар арасындағы байланысты нығайтып, университеттік одақтастыққа деген сенімді күшейтеді.

Білім беру жүйесін бағалау инфрақұрылымын жетілдіру мен оқыту сапасын халықаралық стандартта негізінде тиімді ұйымдастыру үшін жүйе дамуын формальды бақылаудан деректерге негізделген сапаны басқаруға көшуге бағытталған білім беруді ауқымды модернизациялау бөлігі ретінде қарастыру қажет [5].

Білім беру ортасы әр адамның өмір сүру ортасындағы әлеуметтік-мәдени кеңістіктің күрделі ажырамас бөлігі болып табылады. Әркім осы кеңістікте бір жағынан өзіне қажетті білім мен дағдыны игерсе, екінші жағынан қоғамның мәдениетіне ену үшін осы ортада өзіне бейімделген жағдайлар жасауға тырысады [6].

Білім беру ортасын қалыптастыруда педагог кадрлардың да біліктілігі маңызды фактор. Жоғары оқу орындары педагогтарының кәсіби құзыреттіліктері тиімділіктің неғұрлым объективті көрсеткіштерін анықтауға тырыса отырып, жоғары білім беруді модернизациялау жағдайында көп компонентті құрылым ретінде анықталады [7]. Көбіне педагог сабақтың техникалық жағына яғни, студентті білім алатын объект ретінде қарайды: жауаптардың дұрыстығы, олардың жіберген қателіктері мен оқу нәтижелеріне жетудегі сәтілік немесе сәтсіздік. Дегенмен студенттердің жеке әлеуетін ашуға ықпал ететін, жеке тәжірибесімен бөлісіп, олардың өз ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ететін оқытушылар психологиялық қауіпсіздікті жасап, оқытушыға деген сенім мен құрметті қалыптастыра алады [8].

Жоғары оқу орындарында жайлы білім беру ортасын құруда барлық қатысушылар: студенттер, оқытушылар мен әкімшілік өзара ықпалды әрекет етеді. Олар бірнеше компоненттерді қамтиды: эмоционалды қолдау, өзара түсіністік пен құрмет, сенімді атмосфера құру, позитивті әлеуметтік өзара әрекеттесу мен бастамаларды қолдау және тағы басқа [9].

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында тақырып бойынша отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері сараланды. Мұнда зерттеудің теориялық әдісі қолданылып психологиялық-педгогикалық әдебиеттер

жүйеленіп, тұжырымдалды. Зерттеуде қолданылатын эмпирикалық әдістер бақылау мен сауалнамадан тұрады. Жоғары оқу орнының білім алушыға жайлылығын анықтау мақсатында Жәңгір хан университетіндегі педагогикалық бағыттағы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 1-курс 100 білім алушыға анкеталық сұрау салу жүргізілді. ЖОО білім алушыларының ортаның физикалық жағдайларға қанағаттануына арналған сауалдарға жауабының бөліну динамикасы нәтижелерін 1-суреттен көруге болады. Сауалнама сұрақтары студенттердің физикалық жайлылығын көрсететін: тұлғаның дамуы мен оқуға ынтасы, нақты жоғары оқу орнына бейімделу жағдайлары мен бейімделу барысындағы қиындықтары, жеке психологиялық көмекті қажет ету деңгейін анықтауға негізделіп жасалды. Сауалнамада: ортаның моральдық-психологиялық климат жағдайын, сонымен қатар физикалық жағдайларды бағалау деңгейін көрсететін сұрақтар негізінде жасалды. Мұнда жатақхана жағдайы мен асхана қызметін бағалауда «Өте жақсы», «Жақсы», «Орташа», «Нашар» және «Өте нашар» деген жауаптар арқылы білім алушылар өз бағалауларын жүргізді. Ортада өзін қауіпсіз сезіну барысында білім алушыларға «Мүлде ешкім», «Аз бөлігі», «жартысы», «Көпшілігі», «Өте жиі кездеседі» деген жауаптар арқылы бағалау ұсынылды. Сұрау салу нәтижелерін талдауда статистикалық есептеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Университеттегі білім алушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалғандығы субъективті факторлармен қатар білім алушылардың орташа білім сапасы көрсеткіші қарастырылды. Бұл үшін 1-курс білім алушыларының орташа білім сапасы жалпы студенттердің орташа білім сапасымен салыстырып қарастырылды.

Білім беру ортасындағы психологиялық климатты анықтауда білім алушылардың дамуына әсер ететін ұйымдастырушылық, әлеуметтік, эмоционалдық және әлеуметтік факторлар қарастырылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Жоғары оқу орындарындағы студенттерінің тұлғалық дамуының табысты болуы олардың сол орта ережелері мен дағдыларына тез бейімделуіне байланысты болады. Оқу ордасында тек білім беру процесінде тек тұлғалық өсуге ғана емес, сондай-ақ кешенді факторлар жиынтығы білім алушының соматикалық саласына әсер етеді.

Жеке тұлғаның қалыптасуы мен функционалдық жағдайлары мен бейімделу қабілетіне әлеуметтік факторлар әсер етеді. Білім беру ортасының әлеуметтік-психологиялық жайлылығы осы оқу орнының физикалық кеңістігінде білім алушының өзін жайлы сезінуінен, осы орта факторлары дағдысына бейімделуімен көрініс алады. Мұнда білім алушының осы ортамен сәйкестігі, оқуға деген ынтасы мен жігері, ортада өзін-өзі бағалап, ұстауы мен өзін қаншалықты қауіпсіз сезіну күйі қарастырылады. Осының барлығы білім алушының психологиялық, физиологиялық тұрғыда өзін жайлы сезінуін көрсетеді. Оның бұл күйі болашақ мамандығын меңгерудегі әлеуметтік, кеңістік-заттық тұрғыда қоршаған ортаның шаралар жүйесіне бейімделуімен қалыптасады.

Бұл жерде жеке тұлғаның жайлылығы білім алушының өмірлік қалыптасуын анықтайды. Ол осы өзінің таңдаған мақсатына жету ортасына бейімделе отырып кездескен қиындықтарды жеңуге ұмтылады. Өзінің болашақ мамандығы бойынша білім ала отырып, ол өзін кәсіби шындай түседі. Сондықтан жоғары оқу орындарындағы білім беру ортасы жайлылығы оның оқу ортасының жағдайына бейімделуімен көрініс ала отырып, болашақ мамандығына кәсібилену деңгейін көрсетеді.

Жоғары оқу орынының білім алушыға қолайлылығы оның осы ортаны субъективті бағалаумен қатар, осы ортадағы білім сапасын бағалаушы көрсеткіш ретінде де қарастырылады. Білім алушының білім беру ортасындағы жайлылығын қалыптастыру үшін үшін қызмет ететін психологиялық қызмет мындай міндеттерді атқарады:

- ♦ бірінші курс студенттерін осы оқу ортасына бейімдеу;
- ♦ психодиагностикалық зерттеулер жүргізу арқылы психологиялық көмекті қажет ететін білім алушыларды анықтау;
- ♦ оқу процесі барысында және басқа қиындықтарға тап болған білім алушыларға жеке психологиялық көмек беру;

- ♦ білім беру ортасындағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды жақсартуға, білім алушылардың оқуға ынтасын арттыратын шаралар кешенін жасақтап, оқудың болашақтағы жоғары білікті маман болу жолындағы қажетті шара екендігін түсінуге бағытталған психокоррекциялық шараларды өткізу;

- ♦ студенттерге сессия, түрлі тәжірибелерді өту кезінде психологиялық көмек көрсету және тағы басқалар.

Жоғары оқу орындарында білім алушының оқу жағдайларына қарай бейімделіп кетуі білім беру ортасының жайлылығына байланысты болады. Жоғары оқу орындарындағы білім беру ортасының жайлылығы оқу үдерісін ұйымдастыру шарттары мен оқу іс-әрекетін психологиялық қолдауға бағытталған арнайы іс-шаралар және тұлғаның өзіндік даму ерекшеліктеріне байланысты болады [10].

Жоғары оқу орындарындағы психологиялық қызмет жеке студенттермен тікелей қарым-қатынас жасайды. Психологтар білім алушылармен жеке сөйлесе отырып, олардың негізгі проблемаларын анықтайды. Осы бағытта білім алушыға өздерінің дұрыс бағыттарын бере алады. Психологиялық қызмет университеттің құрылымдық бөлімдерімен де тікелей қарым-қатынас жасайды. Осы арқылы университеттегі психологиялық қызмет барлық құрылымдық бөлімдермен тікелей қарым-қатынас құра отырып, оқыту, тәрбие мәселелеріне кешенді көзқарас қалыптастыруды жүзеге асырады.

Жоғары оқу орындарында білім алушы жолында тек физикалық, моральдық және эмоционалдық қайшылықтар ғана емес, сонымен қатар ондағы түрлі динамикадағы психологиялық қайшылықтармен кездесуге тура келеді және білім алушыға тікелей әсер ететін бұл факторлар үнемі өзгеріп отырады. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында кәсіби білікті маман дайындау үшін ортаның қолайлы жағдайын қалыптастырып, түлектердің болашақтағы кәсібіне бейім тұлғаны дайындау шарттарын қалыптастыру керек.


Жәңгір хан университетінде білім алушының ар-намыс кодексі қабылданып жасакталған. Бұл кодекс білім алушының жеке тұлға ретінде сезініп, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл кодекс бойынша білім алушы өзінің жеке шығармашылық қабілеттерін дамытады. Білім алушы өзінің таңдаған мамандығының шебері болу арқылы еліміздің лайықты азаматы болуға ұмтылады. Білім алушы үлкендерді құрметтеп, өзінен кішілерге қамқор болады. Білім алушы парасаттылық пен мәдениет жоғары адамгершіліктің үлгісін көрсетеді. Ол зиянды әдеттерден аулақ болып, жоғары парасаттылық ұстанымын ұстанады. Өзі оқитын білім ордасының дәстүрлерін құрметтеп, оның мүліктерін қорғайды, өзінің осы оқу орнының өкілі екенін есте ұстап әрқашан іс-әрекетімен онң беделін көтеруге, оның намысы мен жетістіктерін көтеруге тырысады. Білім алушы Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім ала отырып, өзінің шығармашылық белсенділіктерін оқу орнының беделін көтеруге жұмсайды. Осы кодекс арқылы білім алушы өзінің де оқу орнындағы жауапты да ықпалды тұлға екенін сезініп, өзіндік «Мен» ұғымын қалыптастырады.

Жоғары оқу орнындағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды анықтауға арналған сауалнама жасалып тұжырымдалды. Сауалнамаға педагогикалық бағыттағы 1-курс білім алушылары қатысты. Сауалнама нәтижесінде білім алушылардың тұлғалық даму жағдайы мен оқуға деген ынтасы, жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесіне бейімделу жағдайы мен кездескен қиыншылықтары, жеке тұлғалық ұсыныстары мен жеке психологиялық көмекті қажет ету деңгейі анықталды.

Сауалнама нәтижелері бойынша сабақта сізге қиыншылықтар болды ма деген сауалға қатысушы білім алушылардың 75% қиыншылық жоқ деп жауап берсе, 25% орташа қиыншылық бар екендігін көрсетті.

1-курс білім алушылары арасындағы моральдық-психологиялық климатты бағалауда қойылған сауалға қатысушылардың 37,3% моральдық психологиялық климаттың өте жақсы екенін көрсетсе, 49% жақсы, тек 13,7% орташа деп бағалады.

Білім беру ортасының физиологиялық қолайлылығын анықтауда жасалған сауалнама нәтижелері білім алушылардың жоғары білім беру орнының физиологиялық жағдайларына қанағаттануын көрсетті.



Сурет 1 – ЖОО білім алушылардың ортаның физикалық жағдайларға қанағаттануына арналған сауалдарға жауабының бөліну динамикасы

Ескертпе: Авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

1-сурет мәліметтерінен студенттердің 6,5% жатақхана жағдайы нашар деп көрсетсе, 26,1% өте нашар екенін көрсеткен. Дегенмен 15,2% орташа деп бағаласа, 21,8% жақсы, 30,4% өте жақсы деп бағалаған. Асхана қызметін ұйымдастыруда басым бөлігі 41,2% өте жақсы деп бағаласа, 25,5% жақсы деп көрсеткен. Қатысушылардың 66,7% асхана қызметі жұмысын ұйымдастыруды оң бағалауы мұның тиімді жұмысын көрсетеді.

Университет білім алушылар арасындағы алкогольдік ішімдіктер ішу мен құмар ойындарын ойнау қаншалықты екенін анықтауда жасалған сауалнама қатысушылары салауатты өмір салтын ұстанатын білім алушылардың басымдығын көрсетті. Алькогольді ішімдіктер ішу бойынша сауалнамаға қатысушылардың 68,6% мүлде ішпейді десе, 23,5% аз бөлігі деп көрсеткен.

Құмар ойындарын ойнау деңгейі қанша деген сауалға 84,2% мүлде ешкім ойнамайтынын көрсеткен.

Университет білім алушылары арасындағы ұру, қорқыту мен күш көрсету қаншалықты жиі екендігіне арналған сауалнамаға қатысушылардың 88,2% мүлде жоқ жеп жауап берсе, 3,9% білім алушылар арасында буллинг жоқ екендігін айтқан. Білім алушылардың санынсы толық өзін осы ортада қауіпсіз сезінеді, қолайлы моральдық-психологиялық орта қалыптасқандығын білім алушылардың 80,4% жеке психологиялық кеңесті қажет етпеуінен көруге болады.

Білім беру ортасындағы психологиялық климат білім алушылардың дамуына әсер ететін маңызды аспект. Ол ұйымдастырушылық, әлеуметтік, эмоционалдық және әлеуметтік факторлардан қалыптасады.

Ұйымдық фактор білім беру процесі құрылымы мен басқаруды қамтиды. Оған басқару стратегиясы, білім беру бағдарламаларының сапасы мен инфрақұрылым жатады. Басқару стратегиясы тиімді көшбасшылық пен білім беру процесін басқарудың нақты стратегиясы жағымды климат қалыптастырады. Ашық ережелер мен процедуралардың болуы мен білім алушылардың шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігі қызығушылық пен жауапкершілік сезімдерін туғызады. Қазіргі білім алушылардың талаптары мен мүддесіне сәйкес келетін білім беру бағдарламалары үлкен қызығушылық пен жауапкершілік сезімдерін қалыптастырады. Олар өздерінің алған практикалық құндылығын көрген кезде оқуға деген жағымды көзқарас пайда болады. Жақсы инфрақұрылым қатарына ыңғайлы, замануи оқу, үй жайлары мен ресурстардың болуы жатқызылады. Ол жайлы орта құруға ықпал етеді.

Білім беру орнындағы әлеуметтік факторлар білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қара әрекеттесу жағдайларын көрсетеді. Оған оқытушылар мен білім алушылар арасындағы достық қатынас құру сенім атмосферасын қалыптастырады. Жекелеген білім алушылар мен топтағы білім алушылардың өзара әрекеттесуі олардың өзара көмек қолдауды жасақтайды. Ол білім алушылар арасындағы қанағаттану сезімін тудырады. Оқу орнындағы білім алушыларды қолдау жүйелері клубтар мен секциялардың болуы оларға ортақ пікірдегі адамдарды табуға және олармен әлеуметтік байланысты құруға көмектеседі. Бұл да оқу процесі мен сой ортаға қанағаттану сезімін тудырады.

Білім алушылардың қалыпты психоэмоционалдық жағдайын қалыптастыруда эмоционалды факторлар әсер етеді. Әсіресе стресс білім алушыларға теріс әсер етеді. Оның әсерін болғызбау үшін білім алушыларға уақытты басқару курстары мен психоэмоционалды денсаулық бағдарламалары түріндегі стрессті басқару құралдары ұсынылуы тиіс. Білім алушылар мен оқытушыларда эмоционалды интеллектіні дамыту олардың бір-бірінің эмоцияларын дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл нәтижесінде қолайлы атмосфера құрады. Эмоционалды интеллектіні дамыту бағдарламалары барлық оқу процесінің қатысушыларына да пайдалы. Оқытушылардың үнемі білім алушылармен кері байланыс жасап отыруы білім алушылардың өздерінің күшті және әлсіз жақтарын саралауға мүмкіндік береді. Оларға айтылған дұрыс сыни көзқарас пен мадақтамалар білім алушылардың ортада сенімділігін арттырады.

Әр оқу орнында өзіндік құндылықтар мен дәстүрлерге қатысты мәдени факторлар қатарында корпоративтік мәдениет университеттің өзіндік бірегей мінез-құлық нормаларын жасақтайды. Позитивтік корпоративтік мәдениет оқу процесінде жайлы атмосфера қалыптастырады. Білім алушылардың мәдени тұрғыда әртүрлілігін ескеру қолайлы инклюзивтік орта құруға алып келеді. Олар бұл ортада өздеріне құрметпен қарағанын түсініп, өздерін ортада жайлы сезінеді. Сондай-ақ университет қабырғасында әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу достық қарым-қатынасты нығайтып, ұжымдық рухты биіктетеді.

Білім алушылардың әлеуметтенуін қалыптастыруда олардың жаңа өмір жағдайларына бейімделуі мен өздерінің әлеуметтік рөлін қалыптастыру, оқу орнындағы мәдени нормалар мен құндылықтарды игеру процесі қаралады. Ол студенттердің жаңа жағдайға бейімделуі, әлеуметтік байланыстар мен кәсіби сәйкестікті қалыптастырады. Психологиялық климат білім алушылардың жайлылығы мен сенімділігіне әсер ете отырып, олардың оқытушылармен және курстастарымен қарым-қатынас жасау қабілетін көрсетеді.

Білім алушылардың білім деңгейі тұрақтылығын сақтаудың бір факторы ретінде әкімшілік пен оқытушылар құрамы қаралады. Білім алушының ынтасын арттыруға арналған әкімшілік пен оқытушылар тарапынан жасалған қадамдар білім алушылардың оқу мен кәсіби бойынша жоғары жалақылы жұмысқа орналасуға әлеуметтік табысты болуға итермелейді. Бұл нақты оқу

орнындағы жағдайларды ескере отырып жасалады. Білім алушылардың оқу орнына баруға, жалпы оқу бағдарламасын меңгеруге деген ынтасы олардың оқытушылармен әлеуметтік қарым-қатынасына тікелей байланысты. Бұған қоса осы оқу орнындағы білім беру процесін ұйымдастыруда шешім қабылдау процесіне қатысу деңгейі де маңызды. Жоғары оқу орнында білім беру тұрақтылығын қалыптастыруда мотивациялық қолдауды жүзеге асыру шарт. Ол білім алушылардың көзқарасын ескере отырып, олардың ұсыныстарын дұрыс қабылдап, екіжақты ортақ шешімдер қабылдау арқылы білім алушының тәуелсіздігін ынталандыруы керек [11].

Адамның әрқашан жағымды ойда болуы, сол арқылы жағымды эмоцияда өзінің құзіреттілігі мен автономдығының негізгі психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруы психологиялық денсаулықтың негізі болып табылады. Мұның маңыздылығына қарамастан бұл тәсілдер адамдар қоршаған ортамен және әлеуметтік әлеммен қарым-қатынас жасағанда оңай байқалатын көптеген өзгермелі әрі қарама-қайшы күштерді қамтымайды. Психологиялық икемділік адам қабілеттерінің кең ауқымын қамтиды:

- ♦ түрлі жағдаяттық талаптарды тану және оларға бейімделу;
- ♦ стратегиялар жеке немесе әлеуметтік қызметке қауіп төндірген жағдайда көзқарастарды немесе мінез-құлық үлгілерін өзгерту;
- ♦ өмірдің маңызды салалары арасында тепе-теңдікті сақтау;
- ♦ дәстүрлі қалыптасқан құндылықтарға сәйкес келетін мінез-құлықта саналы, ашық әрі берік болу [12].


Білім ордасының білім алушылардың оқу үлгеріміне әсері психологиялық климаттың маңызды тұстарының бірі болып саналады. Позитивті климат жағдайында білімгерлер өздерін жайлы сезініп, оқуға деген ынтасы жоғарылайды. Негативті ортаға тап болған білімгерге қарағанда олар өздерін жайлы сезініп, қолайлы ортада жоғары жетістіктер көрсетеді.

Бүгінгі күні әртүрлі жағдайларға байланысты қоғамдағы стресс жүктемесі мен білім алушылар арасындағы денсаулық бұзылыстары артуы олардың өмір сапасы мен оқу үлгеріміне тікелей әсер етеді. Бұл олардың психологиялық әл-ауқатының төмендеуіне әкеледі [13].

Оқытушылар мен топтағы курстастарының моральдық қолдауы білім алушылардың жолындағы қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік береді және бұл жағдай оқу процесіне белсене қатысуы мен үлгерімінің жоғарылауына алып келеді.

Психологиялық қызметті ұйымдастыру барысында психологиялық көмекті қажет етуші тұлғаларды анықтау үшін психодиагностикалық зерттеулер жүргізіледі. Зерттеулер нәтижесінде оқу барысы мен жеке өмірінде қиыншылықтарға кездескен білім алушылар анықталады. Әрқайсысымен жеке жұмыстана отырып, оларға оқу ынтасын арттыру мен өзін-өзі кәсіби дамытудың қажеттілігін түсіндіру мақсатында психокоррекциялық шаралар кешені бекітіледі. Бұл шаралар университеттегі білім беру процесінің тиімділігін арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жәңгір хан университетіндегі білімгерлердің психологиялық тұрақтылығының жанама көрсеткіші ретінде білім деңгейін бағалау жағдайын 2-суреттен көреміз.



Сурет 2 – Білім алушыларды бағалауды бөлу көрсеткіштері

Ескертпе: Авторлармен ішкі есептік мәліметтер бойынша құрастырылған.

Университетте білім алушылардың жалпы орташа білім деңгейі педагогикалық бағыттағы 1-курс білім алушыларымен салыстырмалы түрде берілген. 1-курс студенттерінің білім деңгейі көрсеткіштерінің жоғары оқу орнындағы жалпы орташа білім деңгейімен салыстырғанда алшақтықтың аз болуы білім ордасындағы қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат қалыптасқандығын көрсетеді. 1 курс білім алушыларының оқу орнындағы ортаға үйренген және ортадағы әлеуметтік-психологиялық жағдайдың үйлесімді. Бұл осы 1-курс студенттерін білім беру ортасына бейімдеуде атқарылған шаралардың дұрыс жүргізілуін сипаттайды. Бұл олардың жалпы интеллектуалдық даму деңгейінің, тұлға ретінде білім алушының бейімделу әлеуетінің даму деңгейінің өсуімен және білім алушылардың білім беру ортасындағы әлеуметтік-психологиялық ыңғайлылығымен түсіндіріледі.

Жоғары оқу орнындағы әртүрлі курс студенттерінің емтихан сессияларына жүргізілген талдау нәтижелері оқу жетістіктерінің оң нәтижесін көрсетті. Жоғары оқу орнындағы оқу мен тәрбие беруде психологиялық қолдауды жүргізудің білім беру тиімділігін жоғарылатуы студенттердің оқу тиімділігінен, білім беруді кезеңдік жасақтауда студенттерді курстар мен топтарға бөлуден, студенттердің білім көрсеткіштеріне қарай қайта топтаудан және студенттердің интенсивті дамудағы жеке психологиялық ерекшеліктері көрсеткіштерінің өсуімен көрініс алады.

Университет деңгейінде білім алушылардың өзінің бағыты бойынша білім беру бағдарламасының деңгейіне қанағаттануын анықтау мақсатында арнайы сауалнама ұйымдастырылды. Жаңа білім беру бағдарламасын дайындауда білім алушылардың сауалнама нәтижелері бойынша талаптары ескеріле отырып жасалады. Бұл сауалнамалардағы негізгі сұрақтар мен нәтижелер университет сайтына жүктелген. Бұл шаралардың барлығы білім беру ортасы қатысушыларымен кері байланысты жүзеге асыру үшін жасалған.

Білім алушыларды әлеуметтендіруде бірінші этап олардың оқуға түсуімен сипатталады. Бұл олардың өмірінде жаңа нормалар мен талаптарға тап келіп, соның қағидаларын игеруге мәжбүр болады. Осыған байланысты білім алушылар мазасыздықты сезінуі мүмкін. Сондықтан бұл этаптағы маңызды шара тәлімгерлер мен жоғары курс студенттерінің қолдауы болып табылады. Олар ашық қатынас құра отырып, өзіндік тәжірибе алмасу арқылы білім алушының сенімділігін нығайтады.

Екінші этапта білім алушылар оқу процесіне белсене кірісіп, өзінің әлеуметтік байланысын қалыптастыра отырып, топтағы өзінің жеке рөлін ұғынады. Өзін осы орта мүшесі ретінде сезінген білім алушы қоғамдық іс-шаралар, волонтерлік жобалар мен мәдени шараларға белсенді қатыса бастайды. Бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытып қоймай, білім алушылар арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы келесі этап олардың жеке кәсібилігін қалыптастыру. Бұл кезеңде білім алушылар өзінің таңдаған сала бойынша ерекшеліктері мен өзінің мансаптық өсу мүмкіндіктерін қалыптастырады. Жағымды қалыптасқан ортада білім алушы өзінің болашақ мамандығы бойынша әртүрлі дәрежедегі зерттеулер мен тағылымдамалар, тәжірибелерге қатыса алады. Осы ортада ол саланың тәжірибелі мамандарымен қарым-қатынас құру мүмкіндігіне ие болады. Позитивті ортаның болуы болашақта өз саласы бойынша жаңа бастамалар мен шығармашылық жетістіктерге алып келеді.

Білім алушының тұлға ретінде әлеуметтенуінің төртінші кезеңі олардың кәсіби сала бойынша оқуын аяқтаумен және ересек өмірге көшуімен сипатталады. Олар бұл кезеңде мамандығы бойынша жұмыс орындарын іздеп, осы сала бойынша жетістікке жету жолында мансап құру қажеттілігіне тап болады. Өзінің оқыған білім беру ортасының психологиялық климаты бұл кезеңде де өзінің әсерін береді.

Оқытудың бұл кезеңіндегі қолдау атмосферасының болуы түлектердің еңбек нарығына шыққан уақытта өздерін сенімді ұстап, қалауындағы жұмыс орындарына орналасуына жағдай жасайды. Университеттегі Мансаптық кеңес беру орталығы ұйымдастыруымен түйіндемелер мен сұхбаттарды дайындау тренингтері, мансаптық кеңес беру бағдарламалары мен желілік мүмкіндіктер түлектерді әлеуметтік ортада қалыпты тұрақтануының негізі болып табылады.

Білім алушылардың тұлға ретіндегі жеке қабілеттерінің ашылуы академиялық табыстылыққа алып келеді. Академиялық табыстылық өмірдің мәнін түсінуден, болашақ алдағы жоспарлары орындалу жолында жасалып жатқан тиімді қадамдар екендігін түсінуден, оның

метатанымдық қасиеттермен ұштасуын көрсетеді. Метатанымдық қасиеттер қатарына метатанымдық белсенділік пен метатанымдық білім, рефлексия жатады. Яғни тұлға өзінің бүгінгі жасаған іс-әрекетінен тұжырымдамалық ой түюі қажет. Білім алушы өзінің оқуға қабілеттерін дамыта отырып, өзіндік «Мен» ұғымын қалыптастырады. «Мен» ұғымы білім алушының ұйымдастырушылық дағдыларын жетілдіреді. Осындай ішкі үйлесімділікке жеткен білім алушы болашақта жоғары академиялық табыстарға қол жеткізеді. Білім алушы өз-өзімен диалог жасай отырып, өзінің жоғары қабілет түрлерін нақтылай бастайды.

Жеке тұлғаның табысқа жетуінің басты құралы мотивацияны дұрыс қолдану. Мотивация оқу тиімділігі когнитивтік үрдістерге ықпал етеді. Жоғары мотивацияны қолданған жағдайда организм де оны сезе бастайды. Тұлғалық стресс сезімі төмендеп, тұлға ортаға бейімделе бастайды. Менеджерлер білім алушыларға жоғары мотивациялық жағдай жасағанда олардың кәсіби бейімделу қабілетін ашып, болашақ қызметінде табысты маман болуына оң жағдай жасайды. Білім алушылардың психофизиологиялық денсаулығы мен кәсіби тиімділігі үшін жағымды мотивацияны қалыптастыру аса маңызды фактор болып табылады [14].

Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігінің маңызды бір тұсы педагогтың жеке тұлғалық әсері. Педагогте эмпатия мен көмек, сенім қалыптастыру қасиеттерінің болуы маңызды [15]. Оқытушылар өз тобында сабақ беруде білім алушылардың эмоционалдық жағдайына назар аударуы шарт. Стресс немесе күнделікті сәтсіздік жағдайында қолдау көрсетуі тиіс. Егер оқу барысында қосымша дайындалған немесе жеке жетістіктер көрсетсе оны барынша марапаттаған жөн. Оқытушы тек жеке білім алушылармен жұмыстанып қоймай сонымен қатар білім алушылар арасында да оң қарым-қатынасқа ықпал етуі тиіс. Осы мақсатта міндетті түрде топтық тапсырмаларды ұйымдастыру мен білім алушылар арасында өзара көмекті қолдау шараларын жасақтау керек. Білім алушылардың арасында оң көзқарас қалыпты жағдайға жетуді қалыптастыру педагогтың міндеті болып табылады. Барлық білім алушылар сияқты ортадағы ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін инклюзивті орта қалыптастыру да маңызды. Білім беру бағдарламасы мұндай білім алушыларға да ыңғайлы жасалуы тиіс.

Білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық жайлылығын сақтауда тек педагог құрамы емес, сонымен қатар білім беру ортасының әкімшілігінің шешімдері де аса маңызды. Ол физикалық қауіпсіздік, оқу орнындағы қалыптасқан оң мәдениет пен ұжымдағы қорқыту мен зорлық көрсетуді болдырмаудан тұрады.

Оқу орнының білім алушылардың ата-аналарымен де жағымды қарым-қатынас қалыптастыруы оң ықпал етеді.

Жоғары оқу орнындағы жағымды психологиялық климат білім алушылардың жауапкершілік сезімін қалыптастыра отырып, оқуды жалғастыруға және сол кәсіби салада өсуге деген ұмтылысты қалыптастырады. Жоғары оқу орнының қолдауын сезінген түлек оқу аяқталғаннан кейін де осы қоғамдастықтың мүшесі бола отырып, оның болашақтағы дамуына белсенді қатысушы болып қалады.

## Қорытынды

Университет аясында бірінші курс студенттерінің білім беру ортасына бейімделуіне және 2, 3 курс студенттерінің оқуға ынтасын арттыруға бағытталған әлеуметтік-психологиялық шаралардың тиімді болғанын көреміз. Бұл шаралар білім алушылардың оқуда ынтасын арттыра отырып, сонымен қатар университет жанындағы ұйымдастырылған мәдени танымдық шараларға да белсенді қатысуға, емтихан сессияларын жауаптылықпен тапсыруға және өзінің азаматтық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық жайлылық тұжырымдамасын білім беру процесінде қолдану жоғары оқу орындары қызметін ұйымдастыруда білім алушылардың кәсіби машығы мен жеке дамуына оң әсер етеді.

Жоғары оқу орындарында білім беру ортасының жайлы психологиялық жағдайы білім алушылардың ортаға табысты енуінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Ол білім алушылардың академиялық үлгерімі, стресс пен ортаға қанағаттану деңгейіне, ортадағы әлеуметтік байланыстарды қалыптастыру мен кәсіби сәйкестікті жүзеге асыруға мүмкіндік

береді. Органың жайлылығын қалыптастыру үшін профессор оқытушылар құрамы жағынан да қолдауды қажет етеді. Профессор-оқытушылар құрамы өздерінің тиімді тәжірибелері арқылы ортадағы байланысты дамытып, білім алушыны моральдық қолдауды жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің тұрақты өзгерістері жағдайында білім алушылардың ортаға енуін, олардың болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қызметке сапалы дайындығын қамтамасыз ету үшін психологиялық жағдайды зерттеуді әрі қарай жалғастыру маңызды болып саналады. Ортада қолайлы психологиялық жағдай білім алушылардың өздерін сенімді сезініп, білім ордасындағы оқу, мәдени шараларға белсенді қатысуға және болашақ таңдаған мамандықтары бойынша кәсіби қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарының осы шарттардың маңыздылығын түсініп, білім алушыларды кешенді қолдауға арналған әртүрлі деңгейдегі бастамалар мен бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы оны жақсарту жолдарын іздеуі маңызды кадам. Білім беру ұйымдарының психологиялық жағдайды тиімді ұйымдастырып, қалыптастыруы тек білім алушылардың жеке дамуына ғана емес, осы оқу орнындағы өнімді де үйлесімді білім беру кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сейітқазы П.Б. Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттары / П.Б. Сейітқазы, П.С. Рахимғалиева // Білім беру практикасы сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері. – Қостанай, 2019. – Б. 193–197.

2 Молчанова О.Н. Психология самооценки: учебное пособие для вузов. – Москва: Издательство Юрайт, 2020. – 308 с.

3 Хабарова А.С. Факторы, формирующие социально-психологический климат организации // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2018. – № 2(2). – С. 90–92.

4 Загоскина И.В. Комфортная образовательная среда вуза в формировании интеллектуальной культуры студентов / И.В. Загоскина // Современные научные исследования и инновации. – 2016. – № 1. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2016/01/62046> (дата обращения: 10.09.2026)

5 Балықбаев Т.О. Национальная система оценки качества образования Республики Казахстан: принципы и перспективы развития. – Алматы, 2018.

6 Таубаева Ш.Т., Муратбаева Г.А., Конырбаева С.С. Теоретические основы педагогических измерений: учебное пособие. – Алматы: Дарын, 2023. – 285 с.

7 Примбетова Г.С., Кунакова К.О. К проблеме измерения профессиональных компетенций преподавателей высшей школы // Вестник Академии педагогических наук Казахстана. – 2020. – № 1. – С. 41–48.

8 Югова М.А., Югова Е.А. Психоземциональный комфорт как элемент здоровьесберегающей образовательной среды // Современные наукоемкие технологии. – 2023. – № 7. – С. 227–231. URL: <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=39721> (дата обращения: 10.09.2026)

9 Шахдани С.А., Колеошкина С.В. Комфортный психологический климат в образовательной среде – ключ к успешной социализации студентов в российских вузах // Молодой ученый. – 2025. – № 4(555). – С. 471–475. URL: <https://moluch.ru/archive/555/122064> (дата обращения: 10.09.2026)

10 Рахимғалиева П.С. Студенттердің жоғарғы оқу орнына бейімделуін психологиялық қолдау // «Білім беру сапасын жетілдірудегі педагогикалық жоғары оқу орны мен мектепті интеграциялаудың мәселелері мен жаңа бағдарлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Қостанай, 2020. – Б. 491–494.

11 Glendos M. Students' dreams for the future and perspectives on resiliencebuilding aspects of their lives: The view from East Greenland // Children and Youth Services Review. 2017. No. 79. P. 348–354.

12 Todd K.B. Psychological Flexibility as a Fundamental Aspect of Health // Clinical Psychology Review. 2010. Vol. 30, No. 7. P. 865–878.

13 Фомина Т.Г. Стресс в образовательной среде и его влияние на академическую успешность и психологическое благополучие обучающихся // Национальный психологический журнал. – Москва, 2024. – Т. 19. – № 4. – С. 148–160.

14 Дунаева Н.И. Формирование сопротивляемости личности студентов в условиях современной образовательной среды // Вестник Мининского университета. – 2023. – Т. 11. – № 1(42). – С. 1–10. DOI: 10.26795/2307-1281-2023-11-1-10

15 Тапалова О.Б. Психофизиологические показатели положительной мотивации личности будущего специалиста // Высшая школа Казахстана. – Алматы, 2013. – № 4. – С. 218–222.

## REFERENCES

- 1 Seitqazy P.B. (2019) Joǵary oqu orny studentterin kásibi is-áreketke daıarlaudyń pedagogikalıq sárttary / P.B. Seitqazy, P.S. Rahimgalieva // Bilim beru praktikasy sapasyn joǵarylatudyń ózektı máseleleri. Qostanai. P. 193–197. (In Kazakh)
- 2 Molchanova O.N. (2020) Psihologiya samoocenki: uchebnoe posobie dlja vuzov / O.N. Molchanova. Moskva: Izdatel'stvo Jurajt. 308 p. (In Russian)
- 3 Habarova A.S. (2018) Faktory, formirujushhie social'no-psihologicheskij klimat organizacii / A.S. Habarova // Aktual'nye problemy gumanitarnyh i estestvennyh nauk. No. 2(2). P. 90–92. (In Russian)
- 4 Zagorskina I.V. (2016) Komfortnaja obrazovatel'naja sreda vuza v formirovanii intellektual'noj kul'tury studentov / I.V. Zagorskina // Sovremennye nauchnye issledovanija i innovacii. No. 1. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2016/01/62046> (data obrashhenija: 10.09.2026) (In Russian)
- 5 Balykbaev T.O. (2018) Nacional'naja sistema ocenki kachestva obrazovanija Respubliki Kazahstan: principy i perspektivy razvıtija / T.O. Balykbaev. Almaty. (In Russian)
- 6 Taubaeva Sh.T., Muratbaeva G.A., Konyrbaeva S.S. (2023) Teoreticheskie osnovy pedagogicheskikh izmerenij: uchebnoe posobie. Almaty: Daryn, 2023. 285 p. (In Russian)
- 7 Primbetova G.S., Kunakova K.O. (2020) K probleme izmerenija professional'nyh kompetencij prepodavatelej vysshej shkoly // Vestnik Akademii pedagogicheskikh nauk Kazahstana. No. 1. P. 41–48. (In Russian)
- 8 Jugova M.A., Jugova E.A. (2023) Psihojemocional'nyj komfort kak jelement zdorov'esberegajushhej obrazovatel'noj sredy // Sovremennye naukoemkie tehnologii. No. 7. P. 227–231. URL: <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=39721> (data obrashhenija: 10.09.2026) (In Russian)
- 9 Shahdani S.A., Koleoshkina S.V. (2025) Komfortnyj psihologicheskij klimat v obrazovatel'noj srede – ključ k uspešnoj socializacii studentov v rossijskix vuzax // Molodoj uchenyj. No. 4 (555). P. 471–475. URL: <https://moluch.ru/archive/555/122064> (data obrashhenija: 10.09.2026) (In Russian)
- 10 Rahimgalieva P.S. (2020) Studentterdiń zhoǵarǵy oqu ornyna bejimdeuin psihologijalyq qoldau // «Bilim beru sapasyn zhetildirudegi pedagogikalıq zhoǵarǵy oqu orny men mektepti integracijalaudyń máseleleri men zhańa baǵdarlary» atty Altynsarin okulary halykaralyq ғылыми-praktikalıq konferencijasynyn materialdary. Qostanaj, P. 491–494. (In Russian)
- 11 Glendos M. (2017) Students' dreams for the future and perspectives on resiliencebuilding aspects of their lives: The view from East Greenland // Children and Youth Services Review. No. 79. P. 348–354. (In English)
- 12 Todd K.B. (2010) Psychological Flexibility as a Fundamental Aspect of Health / K.B. Todd, J. Rottenberg // Clinical Psychology Review. Vol. 30. No. 7. P. 865–878. (In English)
- 13 Fomina T.G. (2024) Stress v obrazovatel'noj srede i ego vlijanie na akademicheskiju uspešnost' i psihologicheskoe blagopoluchie obuchajushhihsja // Nacional'nyj psihologicheskij zhurnal. Moskva. Vol. 19. No. 4. P. 148–160. (In Russian)
- 14 Dunaeva N.I. (2023) Formirovanie soprotivljaemosti lichnosti studentov v uslovijah sovremennoj obrazovatel'noj sredy // Vestnik Mininskogo universiteta. Vol. 11. No. 1(42). DOI: 10.26795/2307-1281-2023-11-1-10 (In Russian)
- 15 Tapalova O.B. (2013) Psihofiziologicheskie pokazateli polozhitel'noj motivacii lichnosti budushhego specialista // Vysshaja shkola Kazahstana. Almaty. No. P. 218–222. (In Russian)

**ЕРЖАНОВА Т. К.,<sup>\*1</sup>**

м.п.н., ст. преподаватель.

\*e-mail: tolllkyn@mail.ru

ORCID ID: 0009-0007-8959-7606

**БАХТИЯРОВА С. Ж.,<sup>2</sup>**

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: sayagul.bakhtiyarova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4713-9021

<sup>1</sup>Западно-Казахстанский аграрно-технический  
университет им. Жангир хана,

г. Уральск, Казахстан

<sup>2</sup>Западно-Казахстанский университет  
им. М. Утемисова,  
г. Уральск, Казахстан

## **СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ КОМФОРТ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ И ПУТИ ЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ**

### **Аннотация**

В статье рассматривается необходимость создания благоприятных условий для обучающихся в высших учебных заведениях, формирования эффективного социально-психологического климата и его влияние на мотивацию студентов к обучению, а также пути его совершенствования. Основная цель исследования – определить состояние социально-психологического климата в высших учебных заведениях, оценить влияние факторов, воздействующих на него, и показать пути повышения возможностей создания благоприятной среды для обучающихся. Для достижения цели ставятся следующие задачи: обзор и обобщение трудов отечественных и зарубежных ученых, посвященных условиям социально-психологического комфорта образовательной среды; выявление факторов формирования благоприятной среды и оценка их воздействия; выявление путей и возможностей улучшения комфортности образовательной среды. Социально-психологический комфорт обучающихся в высших учебных заведениях напрямую влияет на их показатели развития, однако эта тема остается слабо исследованной. В данной работе рассматриваются состояние социально-психологического комфорта обучающихся в вузах и условия для его улучшения. В процессе исследования будет проведен концептуальный анализ, основанный на конкретных показателях образовательной среды в вузе. Результаты исследования направлены на выявление факторов и путей формирования эффективного социально-психологического комфорта в современной системе образования для создания благоприятной среды. Для создания комфортной среды для обучающихся в высшем учебном заведении необходимо организовать соответствующую психологическую поддержку студентов. Работу психологической службы вуза следует организовать с использованием специальных методов и подходов. Ее задача заключается не только в развитии личностных особенностей студентов, но и в обеспечении их успешности в учебе через удовлетворение их потребностей в образовательной среде.

**Ключевые слова:** адаптация, социально-психологический комфорт, качество образования, психологическая поддержка, образовательная среда.

**ERZHANOVA T.K.,\*<sup>1</sup>**

m.p.s., senior lecturer.

\*e-mail: tolllkyn@mail.ru

ORCID ID: 0009-0007-8959-7606

**BAKHTIYAROVA S.Zh.,<sup>2</sup>**

PhD, senior lecturer.

e-mail: sayagul.bakhtiyarova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4713-9021

<sup>1</sup>Zhangir Khan West Kazakhstan

Agrarian-Technical University,

Uralsk, Kazakhstan

<sup>2</sup>M. Utemisov

West Kazakhstan University,

Uralsk, Kazakhstan

## **SOCIAL-PSYCHOLOGICAL COMFORT OF THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS AND WAYS TO IMPROVE IT**

### **Abstract**

The article discusses the necessity of creating favorable conditions for students in higher education institutions, the formation of an effective social-psychological climate, and its impact on students' motivation to study, as well as ways to improve it. The main goal of the research is to determine the state of the social-psychological climate in higher education institutions, assess the impact of factors affecting it, and demonstrate ways to enhance opportunities for creating a favorable environment for students. Social-psychological comfort of students in higher education institutions directly affects their development indicators; however, this topic remains under-researched. This study examines the state of social-psychological comfort of students in universities and the conditions for its improvement. The research includes a conceptual analysis based on specific indicators of the educational environment in the university. The results of the study aim to identify factors and ways to form effective social-psychological comfort in the modern education system to create a favorable environment. The work of the university's psychological service should be structured using specific methods and approaches. Its task is not only to develop the personal characteristics of students but also to ensure their academic success by meeting their needs within the educational environment.

**Keywords:** adaptation, social-psychological comfort, quality of education, psychological support, educational environment.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 19.07.2026